

## БӨГДЕ СӨЗДІҢ ГАЗЕТ МӘТІНІНДЕ ЖҰМСАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Әдеби тіл тазалығының, тіл мәдениетінің көрінісі бола алатын газеттің қоғамда атқарар қызметін ғалым А. Байтұрсынов сөзімен айтар болсақ: «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл, қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші. Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады. Бесіншіден, баспасөз – қоғамның айнасы болғандықтан, көпшілік айтар ойы мен сөйлер сөзін түзеп қана қоймай, тіл мәдениеті тұрғысынан да кейбір мәселелерде «газетте былай жазылған» дегендей баспасөзге де жүгінері хақ [1, 52.]. Сондықтан да халықпен күнбе-күн жүздесіп отыратын баспасөздің тіл мәдениетін қалыптастыруда маңызы зор. Мерзімді басылымдар осындай ерекшеліктерімен электрондық ақпарат құралдарынан өзгеше бола-

ды әрі мұның өзі баспасөз тіліндегі, оның ішінде газет тіліндегі бөгде сөз түрлерінің қолданыс ерекшелігін қарастырудың маңыздылығын көрсетсе керек.

Қазақ тіл білімінің көшбасшысы А. Байтұрсыновтың жоғарыда айтқан ой-пікірінен бастап, бүгінгі күнге дейін қазақ баспасөзі және оның тарихы, қалыптасуы, дамуы, қазақ баспасөзінің тілі, қазақ баспасөзінің жүйесі мен құрылымы т.б. туралы зерттеуші-ғалымдар Х. Бекхожин, Б. Кенжебаев, Ш. Сарыбаев, Ү. Суханбердина, Б. Әбілқасымов, Н. Қарашева, С. Исаев, Б. Момынова, О. Бүркітов, Ш. Мәжітаева, А. Алдашеваның еңбектерінде тікелей сөз болады. Мұнан басқа баспасөз тілі жайында қазақ әдеби тілінің даму тарихы, қазақ тіл білімінің әртүрлі салалары туралы жазған зерттеуші-ғалым І. Кеңесбаев, М. Балақаев, А. Ысқақов, Ә. Қайдар, Р. Сыздықова, Г. Смағұлова, Ш. Құрманбайұлы еңбектерінде айтылады. Ал орыс тіл білімінде газет тілі, газет жанрлары, газет типтері, газет лексикасы Г.Я. Солганик, Л.Б. Глебова, И.П. Лысакова сынды т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Алғашқы қазақ газеттерінің тілін зерттеуші ғалым Б. Әбілқасымов «Ұлт тілінде баспасөздің шығуы, ең алдымен, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына аса зор ықпал жасады, қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ғылыми-көпшілік әдебиеттер стильдерінің негізі

қаланып, ресми іс-қағаздары стиль одан әрі жетілді» дейді [2, 224.]. Алғашқы мерзімді басылымдарының бірі – «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика, оның лексика-семантикалық топтары туралы ғалым Б. Момынованың еңбегінде жан-жақты зерттелсе, ал зерттеуші С. Сапинаның кандидаттық диссертациясында «Түркістан уалаяты газетінің» лексикасы сөз болады. Ғалым С.М. Исаевтың «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы» атты еңбегінде Кеңес дәуірінің 20–30 жылдарындағы әдеби тілдің лексикалық құрамы, грамматикалық ерекшеліктері баспасөз материалдары негізінде сөз болды. Ғалым Ш. Мәжітаеваның «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты докторлық диссертациясын зерттеуші өзі қарастырып отырған кезеңдегі әдеби тілдің қалыптасу, даму, көркем әдебиет, ресми іс-қағаздар, ғылыми стилі және баспасөз тілі тұрғысынан жан-жақты зерделеген еңбек екенін атап өткен дұрыс.

Профессор Б.Момынова «Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы)» деп аталатын ғылыми еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарын оқылатын (визуальды), тыңдалатын (актуальды) және әрі тыңдауға, әрі көруге болатын (аудио-визуальды) үш түріне тоқтала келіп, олардың ортақ қызметтерін, біріншіден, ақпараттық функциясы, екіншіден, ақпараттың ағартушылық-танымдық функциясы, үшіншіден, ақпараттың қоғам мүшелерінің дүниетанымына әсер ету функциясы деп санамалап көрсетеді [3, 5.]. Ғалымның санамалап көрсетіп отырған қызметтерінің барлығы көрінетін ақпарат құралы болып табылатын газет – ақпаратты жеткізіп, үгіт-насихатты тарататын құрал. Оның аталмыш қызметтері бұқара, әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Қай оқырман болмасын баспасөз ақпарат құралдарынан өзіне қажет ақпаратты іздейді. Газет тақырыптарын зерттеуші жас маман Г.К. Ихсанғалиева «Функционально-прагматический анализ заголовков» атты диссертациялық зерттеуінде газет тақырыбына талдау жасай келіп, олардың негізгі номинативтік, ақпараттық, прагматикалық және болжағыштық төрт тұрақты қызмет атқаратындығын көрсетеді [4, 8.].

Газет тақырыптары – өмірдің сан-саласынан хабар беретін ақпараттар ағыны. Баспасөз тақырыптарында өлең шумақтары мен даналық сөздер, қанатты сөздер, афоризмдер, фразеологизмдер дайын «құрылыс материалы» ретінде қолданыла алады. Таза әрі белді публицистикалық жан бо-

лып табылатын газет бетіндегі мақалаларда төл сөздің бір түрі цитатаның (дәйексөздің) даналық сөздер, қанатты сөздер, афоризмдер, фразеологизмдер тәрізді дайын «құрылыс материалы» ретінде белсенді қолданыла алатындығы байқалды.

«Газеттің ішкі құрылысы сатылай, иерархиямен қарастыру барысында, яғни, айдар – тақырып – мәтін (оның түрлері, жанрлары), оларға тән ерекшеліктерді ашу барысында толық танылады», – деп ғалым Б. Момынова көрсеткендей, цитаталар мәтін мазмұнын ашуда тақырып ретінде алынады. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінің 2008 жылғы №11 санында *Елбасы жолдауына орай* айдарымен берілген *Тіліміз жәңделмей, мініміз жойылмайды* деген тақырып – тарих ғылымдарының кандидаты Жәкеш Исмағұлұлының авторлығымен жарияланған мақаладан алынған дәйексөз. Негізінен, дәйексөздер «Жас Алаш» газетінің «Ырғақ» қосымшасында және «Жас қазақ» газетінің «Көңілашар» айдарымен берілген мақалаларда тақырып ретінде басым қолданылады. Сондай-ақ, Спорт айдарымен берілген мақалаларда да дәйексөздер тақырып ретінде алынады. Мысалы: журналист Есей Жәнісұлының спорт шебері Ардақ Назаровтан алған сұхбатындағы *«Бағыма жақсы бапкер жолықты»* төл сөзінің тақырып ретінде берілуі. Ал қанатты сөздердің мақала тақырыбы ретінде берілуі жеке адамдардан алынған сұхбаттарда жиі кездеседі. Мысалы: «Жас Алаш» газетінің 2008 жылдың 27 мамырындағы «Ырғақ» қосымшасында сазгер Нұрлан Еспановтың берген сұхбаты *«Қаланың баласы далаға барса, күлкі болады, даланың баласы қалаға келсе, түлкі болады»* тақырыбымен беріледі. Берілген қанатты сөз сазгер тарапынан айтылған төл сөз болғандықтан, тырнақшаға алынған, яғни сәйкесінше тыныс белгісі қойылып отырады. Тілдік деректерге қарағанда, дәйексөздер газет тілінің маңызды функционалдық элементі болып табылады, өзіндік арнайы сипатқа ие екендігі байқалады. Дәйексөздердің газет тіліндегі алатын орны зор екендігі орыс тіл білімін зерттеуші еңбектерінен де көрінеді. Атап айтқанда, И.В. Алещанованың «Цитация в газетном тексте» деп аталатын диссертациялық зерттеу жұмыстарында көптеген маңызды тұжырымдар жасалады. Ғалым газет мәтініндегі қолданыстардың тек өзіне ғана тән ерекшеліктерімен бірге басқа да функционалдық стильдер мәтіндерімен ортақ тұстары бар екендігін нақты көрсете отырып, газет мәтініне тән мынадай ерекшеліктерді атап өтеді: біртұтастық,

байланыстылық, хабар жеткізушілік және интертекстуальдылық. Және де цитаталардың тұтастай алынуымен бірге басқа да ерекшеліктерге ие аллюзия, әдеби реалия мәтіндік реминисценция, коннотация тәрізді құбылыстардың да қолданылатындығы айтылады [5, 132.]. Ал баспасөз тіліндегі аударма мәселесін зерттеген ғалым А.С. Микоян газет мәтінінде оқырманға қандай да бір хабарды жеткізуі үшін түрлі тілдік құралдар мен тілдік тәсілдердің оқырманның назарын бірден өзіне аудару үшін қолданылатындығын айта келіп: «Другой характерной чертой языка газеты является его экспрессивность, наличие оценочных эпитетов, прямых обращений к читателю, что служит для привлечения его внимания к передаваемой информации. Журналисты широко используют также образную фразеологию, идиоматическую лексику, игру слов, пословицы и поговорки, в том числе в деформированном виде» [6, 45.], – дейді. Мұндай ерекшеліктер қазақ баспасөзіне де тән екендігі байқалды. Мысалы: «Жас Алаш» газетінің 2008 жылдың 27 мамырындағы №42 санында жарияланған Ертіс Нұрқасымның мақаласы *Астананы Жұмабек Тәшенов есімімен атайық* деген тақырыппен беріледі. Автордың мақаладағы мәтін мазмұнында берілген сөзі деформацияланған сипатта, көпшілікке, яғни оқырманға тікелей ұсыныс ретінде беріледі.

Мәтіндегі айтылатын ойдың жиынтығы тақырыпта байқалады. Осылайша тақырып, тақырыпша, мәтін – бәрі мағыналық-құрылымдық тұтастықты білдіреді. Газеттегі мәтін, жанр түрлері сан алуан. Газеттің негізгі жанрлары болып хабар, шетелдік корреспонденция, есеп, проблемалық, үгіт-насихаттық мақалалар, очерк, сұхбат, репортаж, фельетон, пікір және т.б. саналады.

Газет айдарлары (рубрикалар) – газеттің ішкі құрылымынан хабардар ететін, оны танытатын басты компоненттерінің бірі. Көзқарасты бейтараптандыру, уақыт пен өлшем жағынан ұту мақсатынан туындаған синтаксистік құрылымдар газеттерде жиі ұшырасады. Мысалы: «Бүгінгі номер», «Бүгінгі оқитындарыңыз», «Баспасөз баршаға» т.б. Газетте, жарнамада жиі кездесетін эллипсистенген сөйлемдер контексті тұтас алып қарастырғандағы дәл сондай сөйлемдерден өзгеше. Өйткені контекст ішіндегі «кең көлемдегі контекст» эллипсис сөйлем мәні өзінің алдындағы не өзінен кейін келетін бірнеше сөйлем арқылы, сол сөйлемдердің мазмұны арқылы ашы-

лады, ал айдарлар ой екпінімен толығады, динамикаға арқа сүйейді. Сондықтан да газет айдарларының эллипсистенуі кейбір тілдік конструкцияларды неғұрлым динамикалы құрылымдармен алмастырудың нәтижесі деп те түсінген абзал.

«Баспасөз тілі – жазба тіл. Қай дәуірде болсын, баспасөз өзі қызмет етіп отырған халықтың тілін пайдаланып қана қоймайды, оның байып, дамып отыруына, әсер-ықпалын тигізіп те отырады» [7, 196.] деп ғалым С. Исаев айтқандай, бүгінгі күнге дейін зерттелуі кенжелеу қалып келе жатқан тілдік бірлік – бөгде сөздердің газет мәтініндегі қолданысы әдеби тілдің дамуына өзіндік игі әсерін тигізеді.

Жалпы газет мәтінінде бөгде сөз түрлі тәсілдермен беріледі, олардың негізгілері төл сөз бен төлеу сөз болып табылады. Газет тілінде бөгде сөз терминін қолдану барысында «автор» және «айтушы» терминдерін қолдануда анықтап алуға тиісті мәселелер бар. Бөгде сөзді жеткізуші адам «автор» деп аталады да, сөзі беріліп отырған адам «айтушы» деп аталады. Сондықтан газет мәтінінде мәтін авторы да, сұхбат беруші адам да бөгде сөзді беруші автор ретінде саналуы мүмкін. Мысалы: «Жас қазақ» газетінің *Біздің сұхбат* айдарымен берілген *Мені ұнатпайтын экс-депутаттар әлі де бар* мақаласының авторы журналист Еренғайып Қуатайұлы да, сұхбат беруші Нұрбах Рүстемов те бөгде сөзді беруші авторлар.

Бөгде сөздің төл сөз түрі айтушы тарапынан берілуі тиісті барлық ерекшеліктерді сақтайды. Мысалы: «Жас қазақ» газетінің 2008 жылғы 13 маусымдағы №23 санында *Білім* айдарымен берілген Ақарыс Сейітқызының мақаласы *Жинаған балым – ақ-адал «малым»* деп беріледі.

Бүркіт Отарәлінің «Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі» деп аталатын докторлық диссертациялық зерттеу жұмысында «Қайталама сөйлемдер ерекше стильдік бояуға ие болады. Эмфатикалық мағынаға ие болатын қайталама сөйлемдер айтылатын ойға эмоционалды реңк пен экспрессивті бояу жамауға қолайлы келеді. Қайталама сөйлемдер мәтін құрылымында күрделі стильдік табиғатымен ерекшеленеді.

Қазақ тіліндегі қайталама сөйлемдердің мынадай түрлері анықталады:

1. Сөйлемнің толық, өзгеріссіз қайталануы;
2. Сөйлемнің сәл ғана өзгерістермен қайталануы;

3. Мағыналас сөйлемдердің қайталануы;

4. Сөйлем құрылымының қайталануы» деп көрсетеді [8, 23.].

Ғалым анықтаған қайталама сөйлемнің бір түрі болып табылатын сөйлемнің толық өзгеріссіз қайталануы газет тілінде бөгде сөзге қатысты ерекшелік екендігі байқалды. Бұл көбінесе фельетондарда кездеседі. Мысалы: «Қазақ әдебиеті» газетінің *Қалжыңқалта* айдарымен берілген өзіл-оспақ отауында Кәдірхан Бакқаревтың «*Командировка*» деген не? деген мақаласында қайталама сөйлемнің мынадай түрлері кездеседі:

- *Желінбаев Мырза, — деді әкім, оның сөзін бөліп.*

— *Командировка деген не?*

- *Командировка, ко...ман...дир...ов...ка...*

*Тыңдаушылар демін ішке тартып алған. «Командировка деген мынау...» деп суырылған ешкім жоқ.*

Қайтамалардың жанрлық ерекшеліктерге ие екендігін Б.Отарәлінің өзі былайша атап көрсетеді: «Олардың жиі қолданылатын жері — поэзиялық, прозалық және публицистикалық шығармалар мәтіні. Бұл жанрлардың өзінде олардың қолданылу мүмкіншілігі өзіндік ерекшеліктермен дараланады. Қайтамалардың кейбір түрлері поэзиялық мәтіндерде қолданылуға бейім болса, енді бір түрі тек прозалық шығармаларда ғана кездеседі. Алдыңғы түрге дыбыстық қайтамалардың, ал соңғысына мимезисті жатқызуға болады [8, 42.]. Бөгде сөздің ерекше бір түрі болып табылатын мимезис туралы орыс тіл білімінде құнды пікірлер айтылады. Е.В. Ширина «Мимезис как особый вид повтора чужой речи» деп аталатын еңбегінде былай деп көрсетеді: «Мимезис — спе-

цифический вид чужой речи, нуждающийся в отдельной теоретическом осмыслении. Чужая речь наиболее четко передается через цитирование. Мимезис же передает чужую речь фрагментарно, всегда с известным искажением, гиперболически, как бы отрыве от ее первоначальной реальной бытности. Здесь опять таки есть своя специфика, нуждающийся в особой теоретической интерпретации [9, 25.].

Тілдің синтаксистік құрылысындағы маңызды элемент болып табылатын бөгде сөздің баспасөз тілінде жұмсалуды бір ғана мақаланың аясына сыймайды, сондықтан бұл мәселе байыпты зерттеуді қажет етеді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Байтұрсынұлы А.* Тіл — құрал. Алматы, 1992.
2. *Әбілқасымов Б.* XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы, 1982.
3. *Момынова Б.* Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). Алматы, 1999.
4. *Ихсанғалиева Г.К.* Функционально-прагматический анализ заголовков. Алматы, 2000.
5. *Алещанова И.В.* Цитация в газетном тексте. М., 1998.
6. *Микоян А.С.* Характерные черты языка газеты. М., 2003.
7. *Исаев С.* Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. Алматы, 1973.
8. *Бүркітов О.* Қазақ тіліндегі қайтамалардың лингвостилистикалық жүйесі. Алматы, 2001.
9. *Ширина Е.В.* Мимезис как особый вид повтора чужой речи. М., 2004.

#### Резюме

В данной статье рассматриваются функциональные особенности чужой речи в газетном тексте.